




QAJ
QazAvtoJol

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР АВТОЖОЛДАРДА АҚЫЛЫ ЖОЛДАРДЫ ЕНГІЗУ

2021 жылға арналған жоспарлар:




- **5,8 мың** шақырым жолға ақы алу жүйесін енгізу



СЛАЙД 1




Елімізде ақылы жолдар ең алғаш рет 2013 жылы «Нұр-Сұлтан-Щучинск» учаскесінде қолданысқа берілді. Бұл учаскі 2013 жылы іске қосылды.




2019 жылдың қаңтарында республикалық маңызы бар 3 учаскеге де ақылы жүйе енгізілді. Бұл - «Нұр-Сұлтан-Теміртау», «Алматы-Қапшағай» және «Алматы-Қорғас» тас жолдары.


Ақылы жолдарды пайдалануға бергеннен кейін жол-көлік апаттарының саны азаятыны дәлелденген.




«Ақтөбе-Орал-Ресей шекарасы» автожолындағы көлік апаты **25%-ға** азайды



«Нұр-Сұлтан-Павлодар» автожолында **46%-ға** төмендеді



«Қызылорда-Шымкент-Тараз» автожолында **43%** азайғанын көрсетті



«Павлодар-Семей-Қалбатау» учаскесінде **62%-ға** төмендеген





Ақылы учаскелерде жарықтандыру мәселесі шешілген. Жарықты шағылыстыратын құрылғылар, түнгі уақытта жүргізушілердің назарын автожолға аударатын арнайы катафоттар орнатылған.



Қауіпті учаскелерде үй жануарларының жолға шығып кетпеуіне арналған қоршаулар орнатылады.



Арнайы дыбыс жолақтары да учаскедегі қауіпсіздікті арттыру мақсатында қолданылады.



Барлық ақылы учаскелерде тәулік бойы бақылау жүргізіледі. Жолшылар жол жабынының жағдайын тексеріп, жүргізішулерге шұғыл көмек ұсынады.





Ақылы учаскелердің бойында сауда орындары, тамақтану қызметі мен жылы дәретханамен жабдықталған сервистің модульдік павильондары орнатылған.



«Нұр-Сұлтан-Щучинск» учаскесінде жол бойындағы 37 сервис нысаны, «Нұр-Сұлтан-Теміртау» бағытында 11 сервис нысаны, «Алматы-Қапшағай» бағытында 5 сервис нысаны, «Алматы-Қорғас» бағытында 6 сервис нысаны бар.



Заманауи кешендерде жанар-жағармай құю бекеттерімен қатар, қонақ үй, фуд-корт, супермаркет, үлкен паркинг, жылы дәретханалар, жуыну кабиналары мен электромобильдерге арналған қуаттану көзі де болады деп жоспарланған.



Ірі желілік жанар-жағармай құю бекеттерімен келісімдерге қол қойылды.



GASENERGY



**PETRO
RETAIL**



compass




SINO OIL






KazTransGas



1403 нөмірінде тәулік бойы жұмыс істейтін байланыс орталығы бар.



Өтініштерді егжей-тегжейлі қарастыру үшін арнайы **Telegram-бот** бар.



Ақылы учаскені қолданатын жүргізушілер мен жолаушылардың қолайлығы үшін біздің мамандар КАЖ Мобайл атты мобильдік қосымшаны жасап шығарды. Бүгінде, бұл қосымша арқылы жеке шоттағы қаражатты, жүріп өткен жол туралы ақпаратты білуге болады. Сондай-ақ, кері байланыс та бар.



Мониторинг орталығы проблемалық жағдайларды шешу үшін төлем алудың барлық жүйесінің бағдарламалық-аппараттық кешенінің жұмыс істеу жағдайы және әртүрлі бөлімшелерді үйлестіру туралы деректерді жинауға және өңдеуге арналған.



Төлем жасаудың «ашық жүйесін» енгізу туралы шешім қабылдады. Жүйенің ерекшелігі – учаскелерде шлагбаумдар болмайды. Автокөліктердің жүріп өткен жолы туралы ақпарат аркаларда орналасқан арнайы камералар арқылы тіркеледі.





**автожолдардың осы учаскелерінде ғана жеңіл автокөліктерден төлем алынатын болады*

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2021 жылы келесі ақылы жолдарды енгізу жоспарлануда:

1. *Шымкент – Өзбекстан шекарасы
2. Орал – РФ шекарасы (Саратов)
3. Орал – РФ шекарасы (Самара)
4. Ақтөбе – РФ шекарасы (Орынбор)
5. Щучинск – Петропавл
6. *Шымкент – Қызылорда
7. *Шымкент – Тараз
8. *Тараз – Қайнар
9. *Қапшағай – Талдықорған
10. Қарабұтақ – Қызылорда
11. Ақтөбе – Орал
12. Атырау – Бейнеу – Өзбекстан шекарасы
13. Ақтау – Бейнеу
14. Қостанай – РФ шекарасы (Троицк)
15. Нұр-Сұлтан – Қостанай
16. Павлодар – РФ шекарасы (Омбы)
17. *Нұр-Сұлтан – Павлодар
18. Павлодар – Семей – Қалбатау



Beeline™

Kcell

activ



Eurasian Bank



CapitalBank.kz

woopray



Егер ақылы жолмен жүріп өткені үшін қарыз пайда болып, ол ұзақ уақыт төленбеген болса, көлік жүргізушілеріне ескертпе хаттар жолданатын болады. Ескертпелер еленбеген жағдайда айыппұл салынады



Ақылы жолдармен жүруге мүмкіндігі шектеулі жандар мен ардагерлер үшін жеңілдіктер жүйесі әзірленуде. Ақылы учаскеге іргелес елді мекендерде тіркелген жеңіл көлік құралдарының иелері үшін 365 күнге Абоненттік төлем қарастырылған.

